Бекітемін
«Гүлдер» балабақшасының
директоры М.Е.Овезова

# 2025- 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

# НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ

# ТӘРБИЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: «Бәйшешек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **02.03 - 06.03.2026ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы<br>«Адамды ұлт моделі деп айтуға болады. Біздің әрқайсымызға қарап бүкіл халыққа баға береді, бұл жалпылама қабылдау феномені. Өз ісіңнің шебері болсаң, халқың да құрметті болады. Міне, барлығына түсінікті патриотизм формуласы осы». Олжас Сүлейменов | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>Қайдасың?<br>https://bilimkids.kz/media/video/qaidasyn<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>Қайдасың?<br>https://bilimkids.kz/media/video/qaidasyn<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>Қайдасың?<br>https://bilimkids.kz/media/video/qaidasyn<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>Қайдасың?<br>https://bilimkids.kz/media/video/qaidasyn<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен). Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".<br><br>«Ананың аялы алақаны» ертеңгіліктері (аптада қабылданған кесте бойынша). | Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу."<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен). | Жаднама. "Отбасына жағымды атмосфера сыйлау".<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың іс-әрекеті<br>(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>(музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br><br>Сюжетті суреттер қарастыру. "Көктем келді". | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br><br>Санамақтар айтқызу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,<br>Сейсенбіде серуен құрдық далада.<br>Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Суретті құрастыр" жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: Құрылыс материалдарын, үстел үсті ойындарды орнына қою.<br>(еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Кез келген жабдық пен құралдың орнын есте сақтауға көмектесу, ұқыптылыққа баулу.<br><br>"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тілдамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Диалогтік сөйлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.<br><br>«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-мігдеттері. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту. Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | Бейсенбіде би биледік әндетіп.<br>Жұма күні жидек тердік қыратта,<br>Сенбі күні кино көрдік.<br>Жексенбіде үйде болып демалдық,<br>Осылайша өте шықты бір апта.<br><br>"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту.<br>Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар. | "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. | Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.<br><br>Саусақ гимнастикасы. «Саусақтар тығылып қалады».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саусақтар тығылып қалады,<br>(саусақтарымызды ашып-жұму).<br>Бастарын да тығады,<br>(көзді ашып-жұму).<br>Көк түсті гүлдердей,<br>Жапырақтарын жаяды.<br>(саусақтың арасын ашып-жабу) | жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды.<br><br>Мозаикамен ойын.<br>(математика негіздері, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ірі және ұсақ элементтерді жазықтықта орналастыруға ынталандыру. Суретті (құрылысты) үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Геометриялық пішіндерді ажырата білуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| Ертеңгілік жаттығу | Жалпы дамыту жаттығулары | Жалпы дамыту жаттығулары | Жалпы дамыту | Жалпы дамыту | Жалпы дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (доппен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | (доппен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | жаттығулары (доппен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | жаттығулары (доппен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | жаттығулары (доппен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). |
| Таңғы ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Сабындаған кезінде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы.<br><br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Аққу - Нұрғиса Тіленді (орындаған Ерболат Мустафаев) https://kitap.kz/music/2/erbolat-mustafaevtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Еңбек және мамандықтар. Тақырыбы: "Барлық мамандықтар маңызды". Міндеттері: балаларды мамандықтар иелерімен таныстыру; мамандықтар иелерінің суреттерін қарастыру; балалардың адамның еңбегіне қызығушылықты қалыптастыру; сюжетті ойындарды ұйымдастыру.</td></tr>
<tr><td>Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді,</td><td>Сюжетті суреттер қарастыру. "Көктем келді".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды</td><td>"Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен</td><td>«Мен Отаныммен мақтанамын» тақырыбына Қазақстанның көрікті жерлері туралы фотосуреттерді қарастыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда өзінің туған</td><td>Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге! | алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. | диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру.<br>Балаға өзі бала деп айтқызу.<br>Атын, жасын айтқызу.<br>Ойыншығын көрсеткізу, атату.<br>Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу. | жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Суреттерді қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейірімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан, алақай! |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | Дене тәрбиесі<br>"Биік секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда бір-бірден, шеңберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым | Дене тәрбиесі<br>"Таза бұлақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Құрдастарымен | Музыка<br>"Күлкі - шаттық шуағы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; ырғақтық қимылдарды тез қабылдауын және әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуін әрі қарай жаттықтыру; музыкалық | Дене тәрбиесі<br>"Көктемгі жылғалар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен жүруге үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына еліктеп, қимыл ойындарын ойнауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, өрмелеуді орындаудың | Қазақ тілі<br>«Дана көшеге шығу үшін не киеді?». Киімдер.<br>Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | шығармашылығы пен сауаттылығын қалыптастыру. | қарапайым дағдыларын жетілдіру. | білу дағдыларын дамыту. Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Ақшақар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Көктем тамшылары".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. | Мүсіндеуден ойын-жаттығулар<br>"Қонжық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қонжықтың дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау.<br><br>«Әсерлермен бөлісу шеңбері» жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)<br>Мақсат-міндеттер.Балаларды (белгілі оқиға, мереке, топтас, сурет, мультфильм, ертегіден) алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>Өзінің, құрдастарының | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Көктем келді суретімен танысу".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау. | Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Тамшылар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Достыққа тәрбиелеу. | | |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| Серуен | «Қауіпсіздік». Күнді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықты арттыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура | «Экологиялық тәрбие». Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу. Қар еріп кеткен жағдайда, жер топырағын бақылау | Көгершіндерді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін құстар, көгершін, жайлы түсініктерін жетілдіру. Көгершіннің тіршілігіне назар аудару (уілдейді, ұшады, жүреді, жем шоқиды); сыртқы ерекшелігіне қарап, өзге құстардан ажырата білуді бекіту. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Жәди Шәкенұлы | «Қауіпсіздік». Торғайды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін құстар, торғай, жайлы түсініктерін қалыптастыру. Торғайдың көктемдегі тіршілігіне назар аудару (шиық етеді, ұшады, секіреді, жем шоқиды). Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Қамқорлыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды | Ағаштарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарауға болматынын ескерту, зерттеуде фотопленка немесе көк шыныны қолдану.<br>Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу. Күннің жер бетіндегі адам, жан-жануарға жылу беретінін, жарық тарататынын айту. Аспанда бұлттар жоқ болған кезде, "күн ашық" деп түсінуге, айтуға ынталандыру.<br>Табиғатты жаратқан,<br>Жарықты жерге таратқан<br>Алтын күніміз жасасын,<br>Жылуын мәңгі сыйласын.<br>(Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: | (ылғалды, жұмсақ; құрғақ, қатты).<br>"Қар мен көктем"<br>Қар қарайып қалған,<br>Түсін ажыратпайсың талдан.<br>Қабығы мұз, күн көзіне жылтырап,<br>Тамшылатып, жерді суарған.<br><br>Қар ағармайды енді,<br>Күн жылынатын болды.<br>Әттең, қыс қайтпайды,<br>Көктемнің жылуы жеңді. (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының | "Көгершін"<br>Көгершінім, ақ құсым,<br>Басқа қонар бақ құсым.<br>Бейбіт күнді сүйетін,<br>Бұл өмірге сақшысың.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: құстарды қоректендіру, жемшашарды жемге толтыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, құстарға жақындамауға үйрету. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін | бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтыйып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. | ойын айтуға үйрету.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып. (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | ұлттық ойыны. «Теңге ілу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | қадағалау.<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабыдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын | Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. "Күн қояндары"<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу.<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: алға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйрету.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау. | | қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Түскі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту,<br>сауықтыру шаралары | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене тәрбиесі) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Судың қасиеті".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>"Гүлдер" имитациялық ойыны.<br>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар.<br>Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі | "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал:<br>Бұл доп. Доп домалақ.<br>Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық.<br><br>"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген | "Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы.<br>(математика негіздері, дене тәрбиесі)<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту.<br>Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады:<br>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.<br>- Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.<br>- Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз.<br>- Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.<br><br>Панно бетіндегі театр.<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін | «Суретші» дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: еске сақтау қабілетін дамыту.<br>Ойыншылар саны: 4-5 бала.<br>Құрал-жабдықтар: ақ парақ, қарындаш.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген геометриялық бейнені салуды ұсынады (төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы). Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткенннен кейін педагог балалардыңсуреттерін жинап алып, ненің суретін салынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды. Егер бала есіне түсіре алмаса, алғашқы суреттерді қайтадан таза парақ бетіне салуды ұсынады.<br><br>"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті | «Анамның өрнегі» дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті таңдауды үйрету.<br>Ойыншылар саны. 4-5 бала.<br>Құрал-жабдықтар: геометриялық пішіндер.<br>Шарты.<br>Қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.<br><br>"Суретті құрастыр" жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту.<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>Сюжетті суреттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.<br><br>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру. | қызығушылығын арттыру.<br>Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек.<br><br>Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары.<br>Балалардың өз қалаулары бойынша.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. | суреттерді қолдану арқылы сахналау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталауға мүмкіндік беру. Таным жүйелерін дамыту. | бағдарлауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.<br>Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Педагог:<br>- Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар.<br>Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын.<br>Бастайық.<br>Д. Ахметова "Түлкі".<br>Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек. | қарастыру. "Көктем келді".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. |
| Балалармен жеке жұмыс | Саусақ жаттығулары<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет. дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты | "Көктем" тақпағын айтқызу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа | "Қызғалдақ" өлеңін жаттау<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. | "Лото" үстел үсті ойыны<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем | «Күн және түн» дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Бас бармақ бастық екен,<br>Сұқ саусақ сақтық екен,<br>Ортан қол ойшыл екен,<br>Аты жоқ саусақ тойшыл екен,<br>Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен.<br>Бастық басқар, сақтық сақтар,<br>Ойшыл ойла, тойшыл тойла.<br>Саусақтарды бүгеміз,<br>Саусақтарды бүреміз.<br>Бүгіп , бүріп саусақты,<br>Сергіп қалдық, міне, біз.<br><br>"Ағаш па әлде гүл ме?" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді бекіту. Ағаштардың, дала гүлдерінің түрін тану және атауға . Суреттерді қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. | өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>"Көктем" (Көмек Ыбыраев)<br>Бұлбұл сайрап шат үнді,<br>Ну тоғайға шақырды.<br>Таудан аққан өзен де<br>Бар даусымен "ақырды".<br><br>Жайраңдасып жас-кәрі,<br>Құстар келе бастады.<br>Қыс киген ақ шапанды,<br>Көктем жыртып тастады. | Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Қырқалардың төрінен<br>Қаулап көзге ұрады.<br>Қызғалдақтар өңірді<br>Қып-қызыл ғып тұрады.<br><br>«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-мігдеттері. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту.<br>Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына, қоршаған заттарға қызығушылықтарын қалыптастыру. Ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге ынталандыру.<br>Байқампаздыққа тәрбиелеу. | таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Уақытты бағдарлауды үйрету. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Туған өлкенің кейбір жануарлары туралы түсініктерді тиянақтау.<br>– Түнгі аспанды не жарық қылып тұрады? (Ай.)<br>– Ал, күндіз не жарық қылып тұрады? (Күн.)<br>Адамдардың, балалардың, жан-жануардың күндіз және түнде немен айналысатынын анықтау. |
| Серуенге дайындық | мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| Серуен | «Қауіпсіздік». Ауладағы жалауларды қарастыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықты арттыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Желдің далада бар болғанын жалаулардың желбірегеніне қарап білуге үйрету. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел еседі,<br>Жалауды желпілдетеді,<br>Бұтақтарды шайқап,<br>Жасырынып, тығылмақ ойнайды. (Д. Ахметова)<br>Желдің аулада бар болғанын жалаулардың желпілдегендеріне қарап | «Қауіпсіздік». Мұзды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттары мен құбылыстарына (мұз, су) қызығушылықты арттыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу. Табиғатты қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру.<br>Қадыр Мырза Әли "Тілазар"<br>– Тазалашы, мұз болған Есік алды тайғанақ!<br>– Жата берсін, біз оған Теуіп жүрміз сырғанақ! –<br>Шыға беріп Жалтаңбай Ұшып түсті қалпақтай!<br>Балаларға қар еріген кезде суға айналатыны туралы айту, сұрау. Су күн суық кезде мұзға айналатынын байқату. Мұз астында, үстінде жүруге болмайтыны, қауіпті екені жайындағы | Желді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық | «Қауіпсіздік». Автобусты бақылау.<br>(қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көлік құралдарының түрі, жүк көлігі (сыртқа ерекшеліктері) жайында түсініктерді тиянақтау. Көліктің (автобустың) адамды тасымалдау үшін керектігін білуге ынталандыру. Таныс мамандық иелеріне (жүргізушіге) құрметпен қарауға баулу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерін бекіту. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту. | «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Терек, терек,<br>Саған жылу керек.<br>Күн жылуы бетіңе түссе,<br>Жылтырайсың,<br>Күн көзінде жарқылдайсың.<br><br>Терек, терек,<br>Саған су керек.<br>Су тамырыңа жетсе, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табуға болатынын байқату. Балалардың ауа райының жағдайына байланысты желдің суық, жылы немесе ыстық болатыны жайында айту. Дәл қазіргі уақытта жел суық әлде жылы екендігін сезініп айтуды ұсыну.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>Өздік ойындар. | түсініктерді бекіту.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Допты жоғары лақтыр" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтыруды жетілдіру. Қимылдарды үйлестіруге, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен | Автобус –<br>Көлік түрі не деген!<br>Іші – салон,<br>Зауілім үйдей<br>Жарық, кең.<br>Терезесі –<br>Көшелердің айнасы,<br>Ауысатын суреттердің<br>Көрмесі.<br>Қайда барам десеңдер,<br>Тек мініңдер,<br>Аялап-ақ апарады<br>Кемеңгер. (Д. Ахметова)<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар. | Ұзарасың,<br>Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова)<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен немесе өзге ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Кешкі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі). | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру. | Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. | Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. | бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату.<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу." | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | Жаднама.<br>"Отбасына жағымды атмосфера сыйлау". | Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. |

Топ: «Бәйшешек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 10.03 - 13.03.2026ж.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы<br>«Өз ана тілінде сөйлеп, өзінің төл әдебиетін сақтаған халықтың ғана еркін өмір сүруге құқы болатынын әрдайым естен шығармау керек …» Ахмет Байтұрсынов | | | | | |
| Балаларды қабылдау | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| Ата-аналармен немесе баланың<br>басқа заңды<br>өкілдерімен<br>әңгімелесу,<br>кеңес беру | | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (өз ісі маманымен кездесу, сұбхаттасу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (өз ісі маманымен кездесу, сұбхаттасу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз".<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (өз ісі маманымен кездесу, сұбхаттасу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>(музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br><br>"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? | (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойыны.<br>(жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз қиындыларынан киіз үйді құрастыру.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір біз ""Киіз үйді құрастыр"" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарыңда киіз үйді құрастыратын қиындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасыңдар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.<br><br>"Ойыншықты алып кел" дамытушы ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Әжемнің оюы» дидактикалық ойыны.<br>(жапсыру, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. «Қошқармүйіз» оюын тану, ою құрастыруды үйрету.<br>Ойыншылар саны. 4-5 бала.<br>Құрал-жабдықтар: бірнеше бөліктерге бөлінген, түстері әртүрлі, түрлі қошқармүйіз оюы.<br>Шарты. Балалар екі командаға бөлініп отырады. Ортадағы оюлардың бөліктерінен қошқармүйіз оюын құрастыру керек.<br><br>"Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы.<br>(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру | заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау)<br>Қонақтарға жайылса. (шапалақтау)<br>Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру)<br>Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді. | Мақсат-міндеттері. Аталған ойыншықты кеңістікте тауып, алып келу тапсырмасын орындауға жаттықтыру. Ересектердің сөзін тыңдауды және түсінуді үйрету. Белсенді сөздік қорды ойыншықтарды атау арқылы байыту. Кеңістікті бағдарлауға баулу. Зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар. Ойыншықтар. | және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. | |
| Ертеңгілік жаттығу | | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | 4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | 4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. |
| Таңғы ас | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Сабындаған кезіңде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы.<br><br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Салт-дәстүр. Наурыз көже<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Қара жорға" - Жолды (орындаған Мүсілім Амзе) https://kitap.kz/music/2/kokbalak-musilim-amzening-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Қарым-қатынас өнері. Тақырыбы: "Дос болу және қарым-қатынас жасау деген не?" Мақсаты: балалардың топтас балаларға жағымды көзқарасты қалыптастыру, көркем шығармаларды оқу арқылы достыққа тәрбиелеу. | | | | |
| | | "Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен | «Әдепті сөздер шеңбері»<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Менің елім» сурет салу байқауының көрмесі<br>(сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру) | Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға, сыпайы сөйлеуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. | Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік композициялар жасай білуді, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыра білуді бекіту. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Балалар тұратын қала мен ауыл, қазақ халқының дәстүрлі киіз үйі жайында туралы білімдерін тиянақтау. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Наурыз мерекесі құтты болсын! |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | | Дене тәрбиесі<br>"Таза бұлақтай таза болайық!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу дағдыларын пысықтау. Қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілікті дамыту. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | Музыка<br>"Аялайық, аналарды бәріміз!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен | Дене тәрбиесі<br>"Наурыз келді, алақай!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету.<br>Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Дене сапаларын: ептілікті дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу.<br>Жабдықтарды қолдануда | Қазақ тілі<br>Наурызым, армысың!<br>«Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | |
| | | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Қонжықтар Наурызға дайындалады". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында «саны көп», «саны бірдей», «саны тең» түсініктерін қалыптастыру; "қанша? неше?" сұрағына жауап беруге үйрету; заттардың ені кең не тар болуы туралы білімдерін, жұп заттарды бір-бірінің тұсына қою және беттестіру тәсілі туралы түсініктерін тиянақтау; жуан немесе бірдей заттарды бір-бірінің тұсына қойып салыстыру және бір-біріне беттестіріп салыстыруды сөзбен айтуды үйрету. | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Дастарханды жаямыз" Мақсат-міндеттер. Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру.<br><br>Мүсіндеу ойындары. "Дастарханға пиалалар" (ұжымдық жұмыс) Мақсат-міндеттер. Пластилин кесегін дөңгелектеп, ортасына шұңқыр жасап, шеттерін созып, пиала жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын, қимылдар үйлесімдігін дамыту. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Наурыз гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарлығаштың сыртқы бейнесімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау дағдысын қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. "Қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын атап, сипаттау. |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| Серуен | | «Экологиялық тәрбие». Көктемгі табиғат өзгерістерін | Аспанды, бұлтттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, | «Экологиялық тәрбие». Балабақша алаңындағы | «Қауіпсіздік». Жүргіншілерді бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу. Қар еріп кеткен жағдайда, жер топырағын бақылау (ылғалды, жұмсақ; құрғақ, қатты).<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін | тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат нысандарын бақылауға үйрету. Ауа-райының жағдайын анықтау (күн, аспан ашық; күн, аспан бұлтты). Аспанның түсі көк (сұр), бұлттардың түсі ақ (сұр) боланынына көңіл аудару. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету. Ересектермен диалог құруға баулу, өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ой-қиялын ояту, байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Қ. Мырза Әли "Аспанда".<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып.<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне | өзгерістерді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Қар еріп кеткен жағдайда, жер топырағын бақылау (ылғалды, жұмсақ; құрғақ, қатты).<br>"Қар мен көктем"<br>Қар қарайып қалған,<br>Түсін ажыратпайсың талдан.<br>Қабығы мұз, күн көзіне жылтырап,<br>Тамшылатып, жерді суарған.<br><br>Қар ағармайды енді,<br>Күн жылынатын болды.<br>Әттең, қыс қайтпайды,<br>Көктемнің жылуы жеңді. (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. | (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. Ересектермен диалог құруға баулу, өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Қызыл, сары, жасыл<br>Бір өзінде үш от.<br>Қызыл жанса, тоқта!<br>Жасыл жанса, тез өт!<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Жүгіріп секір" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға, қарапайым ережелерді сақтауға, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру техникасын жетілдіру.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-теңдік дағдыларын бекіту. | құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Кезқұйрық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, (15–20 см) биіктіктен секіруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу; "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.<br>Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды | (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.<br>Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау, | құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.<br>Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Лақтырып, ұстап ал" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Негізгі қимылдарды (лақтыру, ұстап алуды) жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру.<br>Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | қимылдарды үлестіру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Түскі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Салт-дәстүр. Наурыз көже<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнен тұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Ертөстік" ертегісін оқып беру. | Ертегі желісін есте сақтайды. "Із кесуші Дуда " ертегісін оқып беру. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Оқтауы бар түлкі" ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Жанәділ» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>https://bilimkids.kz/media/video/zhan-di<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | (тіл дамыту және көркем әдебиет) | (тіл дамыту және көркем әдебиет) | үйретуді жалғастыру.<br>«Ақымақтар тізімі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>https://bilimkids.kz/media/video/aqymaqtar-tizimi<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту,<br>сауықтыру шаралары | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| Бесін ас | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | | "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.<br>- Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойынды өзі басқарып отырады. Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген | "Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ күту дәстүрімен таныстыру.<br>Барысы: балалардың алдында дастарқанды жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала шақырылып педагогтің тапсырмасын орындайды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, қажеті анықталады.<br><br>"Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, тіл | "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту.<br>– Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінесіңдер. Орындықтарға жайғасып алыңдар. Енді, мен музыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайсыңдар. Қай топ | "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таңбалауыштар үлестіріледі. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары. (сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау. | дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. | тағамдар санын көп айтады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:<br>– Балалар, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.<br><br>"Қонақ күтеміз" сөздік жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды.<br>Кәмпиттен шашу жасау. Балалар кәмпиттерді теріп алғаннан кейін, орындарына отырады.<br>- Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіңдер! (шай құюды көрсету)<br>- Балалар, мен Данаға: "Дана, бауырсақ же" - деп ұсынамын.<br>- Салтанат, сен қонжыққа не дейсің? "Қонжық, шелпек же! Ас болсын!"<br>- Іңкәр (Батыр, Жомарт), Данаға (қонаққа) сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же). | Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.)<br>Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді.<br><br>«Күн мен түн» музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әртүрлі сипаттағы әуендерді ажыратуды үйрету (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз).<br>Құрал-жабдықтар.<br>Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күн көзінің суреті, екінші карточкада бұлттың арғы жағынан көрінбей кеткенін білдіретін сурет, үшінші карточкада жаңбырдың жауып тұрған суреті, төртіншісінде аппақ бұлттың суреті салынған.<br>Ойын шарты.<br>Ойыншылар ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, түрт түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады. Балалар әуеннің көңіл күйіне байланысты суреті бар карточкалармен көрсетіп отырады. Әр сурет әуеннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | көңіл күйіне байланысты болады. |
| Балалармен жеке жұмыс | | "Әдептілік" тақпағын айтқызу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>"Әдептілік" (Өмірбай Өмірзақов).<br>Рұқсатсыз бақшаға,<br>Бақыт тіпті бармайды.<br>Көрнеу қойған ақшаға,<br>Суық қолын салмайды.<br><br>Айтқан ақыл өзінің<br>Есінен бір кетпейді.<br>Жолда үлкен кісінің<br>Алдын орап өтпейді. | "Биші" тақпағын айтқызу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>"Биші" (Тоқбай Исабеков).<br>Биле, Алмашжан, билеші,<br>Әжең көріп, жасарсын.<br>Билей берсең күнде осы,<br>Шара апаңнан асарсың.<br><br>Жапсыру техникасын жетілдіру жаттығулары<br>(жапсыру, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы қазақ ұлттық бұйымдардың бірін (киіз, кілем, көрпе, алаша орамал) жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, | "Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>"Таныс пішіндер доминосы".<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың геометриялық пішіндер (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек) жайлы білімдерін бекіту; көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру; "көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Балаларға геометриялық пішіндер салынған карточкаларды таратып беру. Жүргізуші бірінші карточканы үстелдің ортасына қояды, қалған балалар соған сәйкес карточкаларды қояды, бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | "Наурыз" тақпағын жаттау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Қарды ерітіп жылғасы,<br>Наурыз келді – жыл басы.<br>Шуақ төкті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың.<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп апамыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жақыпов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | | |
| Серуенге дайындық | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| Серуен | | «Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының жұмысын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс мамандық иелеріннің бірі, аула сыпырушыға құрметпен қарау, оның еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды қолдау.<br>Сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету.<br>Аулашы шықса алаңға,<br>Сырыпғыш түспейді қолынан.<br>Қураған жапырақ, қоқысты<br>Таба алмайсын оның жолынан<br>Д. Ахметова.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды | «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діңдегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Терек, терек,<br>Саған жылу керек.<br>Күн жылуы бетіңе түссе,<br>Жылтырайсың,<br>Күн көзінде жарқылдайсың.<br><br>Терек, терек,<br>Саған су керек.<br>Су тамырыңа жетсе,<br>Ұзарасың,<br>Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова) | «Қауіпсіздік». Ауладағы жалауларды қарастыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Желдің далада бар болғанын жалаулардың желбірегеніне қарап білуге үйрету. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету.<br>Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел еседі,<br>Жалауды желпілдетеді,<br>Бұтақтарды шайқап,<br>Жасырынып, тығылмақ ойнайды. (Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу».<br>(дене тәрбиесі) | «Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көлік құралдарының түрі, жүк көлігі (сыртқа ерекшеліктері) жайында түсініктерді тиянақтау.<br>Таныс мамандық иелеріне (жүргізушіге) құрметпен қарауға баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.<br>Гүрілдеп жүремін мен,<br>Бақтан алма әкелем.<br>Қанекей, қақпаны ашыңдар,<br>Аула жолынан қашыңдар.<br>Төгілген аулаға<br>Алманы да, картопты да, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. | <br>"Қуып жет" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіру қимыл түрін жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге | Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді | Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова)<br>Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші басқаратынын түсіндіреді. Машинада кузов, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады. Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады.<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабыдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар.<br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Кешкі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі).<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін | Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. | Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін | Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Балалардың үйге қайтуы | | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. |

Топ: «Бәйшешек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 16.03 - 20.03.2026ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы**
**«Әркім өз деңгейінде, өз орнында айналасын жақсартуға тырысуы керек, өз еліне, қоғамына пайда әкелуді өзінен бастауы шарт. Бұл менің түсінігімдегі отансүйгіштік». Ақан Сатаев**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>«Наурыз – гүлденудің бастауы!» (аптада келісілген жоспар бойынша)<br>Бауырсак-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні! (аптада келісілген жоспар бойынша) | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>«Наурыз – гүлденудің бастауы!» (аптада келісілген жоспар бойынша)<br>Бауырсак-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні! (аптада келісілген жоспар бойынша) | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>«Наурыз – гүлденудің бастауы!» (аптада келісілген жоспар бойынша)<br>Бауырсак-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні! (аптада келісілген жоспар бойынша) | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>«Наурыз – гүлденудің бастауы!» (аптада келісілген жоспар бойынша)<br>Бауырсак-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні! (аптада келісілген жоспар бойынша) | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>«Наурыз – гүлденудің бастауы!» (аптада келісілген жоспар бойынша)<br>Бауырсак-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні! (аптада келісілген жоспар бойынша) |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары:<br>Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.<br>(еңбек дағдылары)<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>(музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br><br>Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді | өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру.<br><br>Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа | Сюжетті суреттер қарастыру. Қазақтың ұлттық дәстүрлері.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.<br><br>"Киіз басу" рөлдік ойыны.<br>(қоршаға әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен, | көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br><br>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, оларды қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттардың атқаратын қызметтерін түсіну. Суреттерді, заттарды қарастыруда алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br><br>Мозаикамен ойын.<br>(математика негіздері, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ірі және ұсақ элементтерді жазықтықта орналастыруға ынталандыру. Суретті (құрылысты) үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Геометриялық пішіндерді | үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Ойын маған ұнайды,<br>Көп ойнауға болмайды.<br>Күні бойы доп қусаң,<br>Ақыл-білім қонбайды.<br><br>"Құрастырғышпен ойын.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. | баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау. | Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова. | ажырата білуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі | Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.<br>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.<br>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.<br>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.<br>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.<br>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.<br>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | секіру. Баяу жүру. | тұрыс.<br>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. | секіру. Баяу жүру. |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Дос бол сабын су мен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз, түнде де.<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Құралдар: сабын.<br>Көркем сөз<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Қыз ақжелең" (Дәулеткерей) https://www.youtube.com/watch?v=uVuZl5laOlE (Нұргиса Тілендиев "Отырар сазы" оркестрі)<br>«Өнегелі»: Көктемгі күн мен түннің теңелу күні. Тақырыбы: "Наурыз". Міндеттері: Наурыз мейрамы суреттерін қарастыру, қазақ халық ойындарын ойнату, би элементтерін билету. | | | | |
| | Шаттық шеңбер<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда | Наурыз мерекесі туралы суреттерді қарастыру<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) | Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. | Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады. | Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй болып көрінер. | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.<br>Әдібай Табылды "Бәйшешек"<br>Еріді де соңғы қар,<br>Өзен тасып, су ақты.<br>Ойпаңдағы омбы қар<br>Қыс белгісі сияқты.<br><br>Көктем лебі тұр есіп,<br>Жапты жаңа гүл қырды:<br>Қар астынан дүр өсіп,<br>Бәйшешектер құлпырды.<br><br>Тұңғыш гүлін көктемнің<br>Аялап тұр көктен күн. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Наурыз құтты болсын!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру. Қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, өрмелеуді орындаудың қарапайым | Дене тәрбиесі<br>"Наурыз мерекесі келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық,ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. | Музыка<br>"Көктем келді, алақай!"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін | Дене тәрбиесі<br>"Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап өрмелеуді үйрету. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін | Қазақ тілі<br>«Бұл менің отбасым».<br>Отбасы мүшелері.<br>Мақсат-міндеттер. «Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, шежіреде отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ, еркелетіп атау формаларын айтуды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау. Суреттер мен жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілікті дамыту. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | дамыту. | дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | қазақ тілін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Монологтық сөйлеуді, диалогқа түсе білу дағдыларын, ойлау қабілеттерін, еске сақтауын дамытып, жайдары көңіл күйлерін танытуды үйрету. Отбасына, жақындарына деген жылулық сезіміне баулып, ересек адамдарға құрмет білдіруге тәрбиелеу. |
| | Құрастырудан ойын-жаттығулар<br>"Үй салайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу. | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Қаз-қаз, бөпем!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Асықтарды санайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. | Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Бас орамал оюлары".<br>Мақсат-міндеттер. Баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету.<br><br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Тәй-тәй басып келеміз" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Ханталапай» ұлттық ойындар байқауы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ұлттық қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>"Қазан", "Айгөлек", "Бәйге" ойындар эстафетасы. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>Гүлнар Науырша<br>Жер-Ана да бусанып босанады,<br>Бақыт әні билейді әр сананы.<br>«Көктем келді» деп, биікке қанат қағып,<br>Жыл құстары қуанып жар | «Қауіпсіздік». Күнді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықты арттыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде фотопленка немесе көк шыныны қолдану.<br>Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу. Күннің жер бетіндегі адам, жан-жануарға жылу беретінін, жарық тарататынын айту.<br>Аспанда бұлттар жоқ | Балабақша алаңында құстарды бақылау. Көгершін.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін құстар, көгершін жайлы түсініктерін қалыптастыру. Көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Әбу Сәрсенбаев<br>"Ақ көгершін"<br>Ақ көгершін азығын<br>Қолыңнан бердің, бөбегім.<br>Ал сені де ана жанының<br>Көгершіні дер едім!<br>Әсем ғой ақ құс өзіңдей,<br>Қызыға күліп қарайсың.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: құстарды қоректендіру, жемшашарды жемге толтыру.<br>(қоршаған әлеммен | «Экологиялық тәрбие». Көктем мезгілінің белгілерін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Қар еріп кеткен жағдайда, жер топырағын бақылау (ылғалды, жұмсақ; құрғақ, қатты).<br>Көктем келсе, көркейеді дала мен шаһар,<br>Күн нұры төгіледі, ериді қар. | Аспанды, бұлтттарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат нысандарын бақылауға үйрету. Ауа-райының жағдайын анықтау (күн, аспан ашық; күн, аспан бұлтты). Аспанның түсі көк (сұр), бұлттардың түсі ақ (сұр) боланынына көңіл аудару. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету. Ересектермен диалог құруға баулу, өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ой-қиялын ояту, байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br><br>Қ. Мырза Әли "Аспанда".<br>Аспан малға толып кетті -<br>Бұлттар түлік болып кетті:<br>Бір бұлт шықты ешкі болып,<br>Бір бұлт шықты мешке болып. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салады.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: құстарды қоректендіру, жемшашарды жемге толтыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, құстарға жақындамауға үйрету. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>"Қаздар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай | болған кезде, "күн ашық" деп түсінуге, айтуға ынталандыру.<br>Табиғатты жаратқан,<br>Жарықты жерге таратқан<br>Алтын күніміз жасасын,<br>Жылуын мәңгі сыйласын.<br>(Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды | таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, құстарға жақындамауға үйрету. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне | Ағаш-бұта жайнайды,<br>бүршік атып,<br>Самал желмен ойнайды,<br>бал татып. (Д. Ахметова<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; | Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру.<br>Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас,<br>Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. | үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу.<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты лақтыру және қағып алу. | сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар.<br><br>"Жоғары" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>"Сұңқар мен түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қимылды ойындарға, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту.<br>Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Салт-дәстүр. Наурыз көже<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнен тұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | "Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы.<br>(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды | "Тұсау кесу" жағдаятты ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін | Музыкадан ойын жаттығулар.<br>"Наурыз көктем"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға | «Әсерлермен бөлісу шеңбері» жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)<br>Мақсат-міндеттер.Балаларды (белгілі оқиға, мереке, топтас, сурет, мультфильм, ертегіден) алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру.<br>Балаға өзі бала деп айтқызу.<br>Атын, жасын айтқызу.<br>Ойыншығын көрсеткізу, атату.<br>Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.<br><br>"Құрастырғышпен ойын. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру. | жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br><br>Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығулары (мүсіндеу, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Өзіне ұнаған қазақ халқының әшекей бұйымдарының (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) бірін, (есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру) мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрге деген қызығушылығын тудыру.<br><br>Қиылған суреттермен ойындар «Әңгіменің кейіпкерлерін жина» (құрастыру, сөйлеу және көркем әдебиет дамуы)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ересекпен бірге ойынға қатысуға, қарапайым ертегілерді ойнап көрсетуге, олардың кейіпкерлерінің жеке диалогтарын және эмоционалды образын жеткізуге үйрету. Танымал ертегілерді ойнап көрсетуге қызығушылық пен ынтаны қалыптастыру. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау. Жай схемалар мен сурет үлгілерін пайдалана отырып, заттарды қию, қосу сияқты тәсілдермен өз бетінше конструкциялар жасауға мүмкіндік беру. | тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі.<br>Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.<br>(дене тәрбиесі) | үйрету. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Достыққа тәрбиелеу.<br><br>Панно бетіндегі театр. "Мысық неге тамақтан кейін жуынады?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау қабілетін және ойлау дағдыларын дамыту. | | мүмкіндік беру. Таным жүйелерін дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Бесік жыры".<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың. | тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка<br>Ұзын күміс сақалы<br>Ауылдың ақсақалы<br>Бата берген мейірімді<br>Жақсы көрем атаны<br><br>Шапқан жүйрік тайдай бол!<br>Жүк көтерер нардай бол!<br>Айналайын, таудай бол!<br>Жарқыраған айдай бол!<br><br>Терең түскен әжімі<br>Кимешегі әдемі<br>Бата берген мейірімді<br>Жақсы көрем әжені<br><br>Желбіреп тұлымшағың,<br>Тілің балдай болсын!<br>Тұлпар болып құлыншағың<br>Бәйгелерден озсын!<br><br>Бата деген ақ тілек<br>Жолың ашық болсын деп<br>Қарттар бата береді<br>Қол жайып тілек тілеп | Сюжетті суреттер қарастыру. Қазақтың ұлттық дәстүрлері.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. | Көркем сөзді мәнердеп оқу.<br>Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді).<br>Мақсат-міндеттері. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.<br>Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>- Күнім, айым,<br>Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай! | "Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | Сауысқанды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және | Желді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту | «Қауіпсіздік». Торғайды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен | Ағаштарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту | «Қауіпсіздік». Автобусты бақылау.<br>(қоршаған әлеммен танысу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін құстар, сауысқан, жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға құстарды алдымен көзбен көрмей, дыбыстарынан танып, атауға үйретуді жалғастыру. Сауысқанның тіршілігін (ұшады, қонады, шықылықтайды, жылтыр заттарды жинайды) анықтауға баулу. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>"Сауысқан".<br>Әсем айлы түнде де,<br>Шуақ шашқан күнде де<br>Ұясынан бір шықпай,<br>Отыр қалай тұншықпай!<br>Аяй ма екен көйлегін –<br>Көйлегі оның – ой, керім!<br>Алтындаған пүліш.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін | және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық). Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету.<br>Байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Бұтақтар қозғалмай тұр ма?<br>- Бұтақтарды біреу келіп шайқады ма?<br>- Бұтақтардың шайқап тұрған, жалауларды шелбіреткен жел болады.<br>- Жел - табиғи құбылыс. Жел көрге көрінбейді, бірақ оның күші зор.<br>Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының | таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін құстар, торғай, жайлы түсініктерін қалыптастыру. Торғайдың көктемдегі тіршілігіне назар аудару (шиық етеді, ұшады, секіреді, жем шоқиды). Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Қамқорлыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтыйып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл | және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br><br>Көктем келсе, көркейеді дала мен шаһар,<br>Күн нұры төгіледі, ериді қар.<br>Ағаш-бұта жайнайды, бүршік атып,<br>Самал желмен ойнайды, бал татып. (Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. | тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көлік құралдарының түрі, жүк көлігі (сыртқа ерекшеліктері) жайында түсініктерді тиянақтау. Көліктің (автобустың) адамды тасымалдау үшін керектігін білуге ынталандыру. Таныс мамандық иелеріне (жүргізушіге) құрметпен қарауға баулу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерін бекіту. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.<br>Автобус –<br>Көлік түрі не деген!<br>Іші – салон,<br>Зауілім үйдей<br>Жарық, кең.<br>Терезесі –<br>Көшелердің айнасы,<br>Ауысатын суреттердің<br>Көрмесі.<br>Қайда барам десеңдер,<br>Тек мініңдер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | ұлттық ойыны. «Теңге ілу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу. | түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен карауға | Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау | Аялап-ақ апарады Кемеңгер. (Д. Ахметова)<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабыдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | ережелерін қадағалау. | қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі).<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың | Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетінұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы | Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. | Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы | Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Желімдеудің техникасын жетілдіру.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу. | Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу. | Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу. | Наурыз айында болатын мерекелер жайлы әңгімелесу және ақылдасу. | Мерекелік демалыс күндері баланың денсаулығын, қауіпсіздігін қадағалау амалдары жайында кеңестер беру. |

Топ: «Бәйшешек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **26.03 - 27.03.2026ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы<br>Отан – отбасынан басталады.<br>Туған жер – алтын бесік.<br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ел болмас. (мақал-мәтелдер)** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br>Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру.<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br>Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. |
| **Ата-аналармен немесе баланың<br>басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу,<br>кеңес беру** | | | | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | | | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Лото" үстел ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар.<br>(танымдық дағдылар) | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Бесік жыры".<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың. | - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау)<br>Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | | | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Қуыршақ, қуыршақ,<br>Таза суға жуынсақ.<br>Қол ұстасып, дос болып,<br>Бақ ішінде қыдырсақ.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар: сабын.<br>Көркем сөз<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Әжемнің ертегілері». Топтағы кітап бұрышына, кітапханаға саяхат.<br>"Күй күмбірі": "Мешін" -Төлеген Момбеков (орындаған Білəл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Әдебиет және оқу. Тақырыбы: "Кітап оқу неге маңызды?" Мақсаты: балалардың ертегілерді кітаптан оқуларға, аудио жазбаларын тыңдауға, ересекпен қатынасқа қызығушылықтарын ояту. | | | | |
| | | | | Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз. | Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | | | Дене тәрбиесі<br>"Өнерлі балалармыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу | Қазақ тілі<br>"Адамдардың көктемгі еңбегі"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып,тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу. |
| | | | | Жапсырудан ойын-жаттығулар "Еркежан әжейдің әдемі орамалы". Мақсат-міндеттер. Балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру. | Сурет салудан ойын-жаттығулар "Бас орамал оюлары". Мақсат-міндеттер. Баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | | | | «Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының жұмысын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс мамандық иелеріннің бірі, аула сыпырушыға | «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрметпен қарау, оның еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды қолдау.<br>Сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету.<br>Аулашы шықса алаңға,<br>Сырыпғыш түспейді қолынан.<br>Қураған жапырақ, қоқысты<br>Таба алмайсын оның жолынан<br>Д. Ахметова<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Терек, терек,<br>Саған жылу керек.<br>Күн жылуы бетіңе түссе,<br>Жылтырайсың,<br>Күн көзінде жарқылдайсың.<br><br>Терек, терек,<br>Саған су керек.<br>Су тамырыңа жетсе,<br>Ұзарасың,<br>Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы. (физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. | кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:<br>ұзын арқаннан секіруді жақсарту. (дене тәрбиесі) |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Айтшы, әжем,<br>Дайын ба көжең?<br>Еті пісті ме?<br>Сорпасы қою ма?<br>Жармасы ұсақ па?<br>Картопы жұмсақ па?<br>Картопты жеймін,<br>Сорпасын ішемін, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түгелін тауысамын,<br>"Рақмет" айтамын. (Д. Ахметова)<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | | | | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Достық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>"Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру." | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудартау; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | | | Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау.<br><br>Сюжетті-рөлді ойын. «Дана қуыршағын тамақтандыру».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: балалардың ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, балалардың сөйлеуін белсендіру, тамақтану кезінде мінез- | Сюжетті-рөлді ойын. «Қоянға арналған шаш қию».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: балалардың ойын атрибуттарын өз бетінше таңдауға деген ұмтылысына ықпал ету. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.<br>Материал және жабдық: шаштараз ойнауға арналған құралдар, қоян ойыншығы.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан шеберді таңдап, оған қоянның шашын қиюға келгенін айтады. Әрі қарай, тәрбиеші ойынды бақылайды және оны басқарады.<br><br>"Менің ойыншығым" ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құлық мәдениетіне тәрбиелеу, қуыршаққа қамқорлық жасау.<br>Материал және жабдық: Дана қуыршағы, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы.<br>Ойын барысы: Ойын бұрышында өтеді. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетеді және айтады (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяз, қасық, шанышқы, шыныаяқ және т.б., үстелге қалай қойылғанын, түскі ас кезінде мінез-құлық ережелерін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыршақты түскі аспен тамақтандыруды ұсынады.<br><br>"Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы.<br>(математика негіздері, дене тәрбиесі)<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту.<br>Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады:<br>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.<br>- Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.<br>- Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз.<br>- Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз. | ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау.<br>Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау.<br>Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін ұсыну.<br><br>Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. |
| **Балалармен жеке** | | | | "Көркем әдебиет шығармаларын оқу. | Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | | | | (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау | (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | | | | «Қауіпсіздік». Құстарды кешкі уақытта бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Қазақстанды мекендейтін қыстайтын құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; дыбыстарын ажыратуға ынталандыру (торғай, сауысқан, көгершін, қарға). Тіршілігіне назар аудару. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау.<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкентай торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Смақов | «Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (аққайыңды) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>"Айналайын, аққайың" (Д. Ахметова)<br>Айналайын, аққайың,<br>Еңкейесің жел соққан сайын,<br>Аппақсың,<br>Нәзіксің,<br>Жіңішкесің,<br>Биіксің.<br>Аянбайсың,<br>Қуаныш сыйлайсың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | Саған қолын созған адамға,<br>Құс пен аңға.<br><br>"Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | | | Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер. | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.).<br>(құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | Ата-аналарды сұраныстары бойынша әңгімелер, кеңестер. | Жаднама.<br>"Біз балаларға ертегілер оқимыз". |

Топ: «Бәйшешек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **30.03 - 03.04.2026 ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Асықпай жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға». Абай Құнанбаев** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. | оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. | күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. |
| **Ата-аналармен немесе баланың<br>басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу,<br>кеңес беру** | Халықаралық Балалар кітабы күні:<br>«Шын жүректен кітап сыйла»,<br>Челлендж,<br>«Үздік мобильді кітапхана» байқауы | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».<br>Халықаралық Балалар кітабы күні:<br>«Шын жүректен кітап сыйла»,<br>Челлендж,<br>«Үздік мобильді кітапхана» байқауы | Халықаралық Балалар кітабы күні:<br>«Шын жүректен кітап сыйла»,<br>Челлендж,<br>«Үздік мобильді кітапхана» байқауы | Халықаралық Балалар кітабы күні:<br>«Шын жүректен кітап сыйла»,<br>Челлендж,<br>«Үздік мобильді кітапхана» байқауы.<br>«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу. | «Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз». |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br><br>"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:<br>«Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Туған елдің көктемі" | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары:<br>Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.<br>(еңбек дағдылары)<br><br>"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу.<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>"Ұшты-ұшты" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br><br>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына | Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту.<br>Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар.<br><br>«Күнге не ұқсайды?» дамытушы жаттығуы.<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендендіру. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: заттық карточкалар.<br>Ойын шарты.<br>Балаларға бірнеше суреті бар мнемокарточкалар кезек-кезек көрсетіледі (барлығының түсі бірдей): шырша, қарбыз, алма, терезе, шатыр, доп, | тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі үзінділерді қайталау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу. Көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Пейзаж суретін көрсету. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>Туды көктем!<br>Шулы көктем<br>Кең даланы оятты.<br>Күн қызуын құйды көктен,<br>Сең бұзылды, су ақты.<br>Ш. Мәмбетов<br><br>"Суретті құрастыр" жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары | ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды.<br><br>"Құрастырғышпен ойын.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру. | Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (қол көтереді)<br><br>Санамақ айту жаттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.<br>Төртеу санның көркі екен.<br>Төрт аяқпен жануар,<br>Стол, төсек... тағы бар..<br>Төрт аяқпен нық тұрар,<br>Төрт бірлікті ұқтырар.<br>Бес дегеннің цифры, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. | теледидар, өңтаңба (смайлик) бейнесі, текше, бауырсақ. | мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. | | Қарап тұрсаң оп-оңай.<br>Үштің басын қайырып,<br>Қоя салған жай бұрап.<br>Ә. Табылдиев |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Қанеки, жеңді түрейік,<br>Қолды жуып, күлейік.<br>Құрғақтап сүртіп қолды,<br>Орамалды орнына ілейік.<br><br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>"Дана ботқаны жемейді".<br>Дана ботқаны жемейді,<br>«Тауыса алмаймын», - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Анаңның мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Ел жаңа" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: «Біреуді тыңдауды қалай үйренуге болады?» Мақсаты: балалардың оқылған шығарманы, тәрбиешінің айтқанын белсенді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдау қабілеттерін дамыту; ертегіне оқып беру, әңгімені айтып беру. | | | | |
| | «Мақтау сөздер айту» ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Ойын шарты.<br>Балалар шеңбер құрып отырады. Бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жақсы қасиеттерін, қабілетін, жақсы істерін айтып мақтайды. | «Құпия заттар» ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен тіл табысуды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: бірнеше қобдиша, түйме, моншақ, сағат.<br>Ойын шарты.<br>Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады. Оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін, барлық ойыншылар бөлмені аралап жүреді, олар қобдишадағы заттарға қызығушылық танытып, бір-бірінің құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен жақсы тіл табысуына көмектеседі. | «Әдептілік» тақырыбына әңгімелесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы, оларды орынды қолдануды үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.<br>Ойын шарты. Үтелдің үстінде бірнеше суреттер жатыр. Балалар сол суреттегі іс-әрекетті атап, оның «жақсы» немесе «жаман» екенін ажыратып айтады. | "Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту.<br>Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар. | «Менің достарым».<br>«Досыңды тауып ал» ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, достыққа тәрбиелеу,<br>Ойын шарты.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлап қояды, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады. Бұл балаларға көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін қолмен ұстап көру арқылы тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдерін ауыстырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Аттап секіреміз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | Дене тәрбиесі<br>"Ғарыш деген ғажайып".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. | Музыка<br>"Киелі домбыра".<br>Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын түсінуге үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата, атай білуді жетілдіру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету. Бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау қабілетін дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды жетілдіру. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін (педагогтің көрсетуі бойынша) орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (оркестрде) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | Дене тәрбиесі<br>"Ғажайып ғарыш".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | Қазақ тілі<br>«Ғарышкер деген кім?»<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру. |
| | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Төрт түлік".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың төрт түлік малдың ерекше | Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығулары (мүсіндеу, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Өзіне ұнаған қазақ халқының әшекей бұйымдарының (білезік, жүзік, балдақ, | Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары.<br>Балалардың өз қалаулары бойынша.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. | Жапсыру техникасын жетілдіру жаттығулары (жапсыру, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне | "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру. | сырға, тұмар) бірін, (есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру) мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. | орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы қазақ ұлттық бұйымдардың бірін (киіз, кілем, көрпе, алаша орамал) жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру.<br>- Балалар, біздің доп-дөңгелек күнге не ұқсайды?<br>- Бауырсақ ұқсайды.<br>- Әжеміз пісірген Бауырсаққа ән айтып берейікші.<br>- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір | «Қауіпсіздік». Күнді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі | Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>- Балалар, қараңдаршы!<br>- Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек | өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату.<br>Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br><br>Көктем келсе, көркейеді дала мен шаһар,<br>Күн нұры төгіледі, ериді қар.<br>Ағаш-бұта жайнайды, бүршік атып,<br>Самал желмен ойнайды, бал татып. (Д. Ахметова)<br>Ағаштың 2-3 түрін діңдеріне қарап ажырату, атау (мысалы, терек, қарағаш, қайың).<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым | табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықты арттыру.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде фотопленка немесе көк шыныны қолдану.<br>Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу. Күннің жер бетіндегі адам, жан-жануарға жылу беретінін, жарық тарататынын айту.<br>Аспанда бұлттар жоқ болған кезде, "күн ашық" деп түсінуге, айтуға<br>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге шақыру.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел созайық.<br>Қолдарымыз шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа. (Д. Ахметова) | Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау.<br>"Құстар, құстар, келіңдер".<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: құстарды қоректендіру, жемшашарды жемге толтыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға, құстарға жақындамауға үйрету.<br>Жағымды эмоцияларды | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аударту; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру. | еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік | <br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. | дамыту.<br><br>"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" белгісі бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! | таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Құлыншақтар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді. "Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін | "Кезқұйрық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, (15–20 см) биіктіктен секіруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу; "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған | Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек.<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар.<br><br>"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. | | достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Жұман батыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>https://bilimkids.kz/media/video/zh-man-batyr (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br><br>Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>(музыка) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ғажапат пен сиқырлы дорба» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>https://bilimkids.kz/media/video/azhapat-pen-si-yrly-dorba (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Аю мен маса» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>https://bilimkids.kz/media/video/ayu-men-masa (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) |
| **Ұйқыдан біртіндеп** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>"Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру." | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Қандай түсті?» дамытушы ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көкөністер мен жемістердің арасынан аталған түсті (қызыл, қызғылт сары, жасыл) табуды үйрету, таңдауын түрлі түсті фонға сәйкестендіру арқылы тексеру.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, қызғылт сары, жасыл түсті карточкалар; қызыл алма, жасыл алмұрт, қызғылт сары апельсин, қызыл қызанақ, жасыл қияр, қызғылт сары сәбіз ойыншықтары немесе суреттері.<br>Ойын ережесі.<br>Әр балаға заттық суреттер тобынан біреуін қолына алуға мүмкіндік беріледі: алма, алмұрт, апельсин, қызанақ, қияр, сәбіз.<br><br>"Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын- | "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді.<br><br>«Ойыншық жөндеу шебері» сюжетті-рөлдік | Саусақ жаттығуы.<br>Сапарғали Бегалин «Қуырмаш».<br>Қуыр-қуыр, қуырмаш! (алақанды ашып ұстау)<br>Тауықтарға тары шаш: (екінші қолдың саусақтарымен аланның бетінен жүргізу)<br>Бас бармақ, Балаң үйрек, (аты аталған бармақтарды алақанға бір-бірден бүгіп жинау)<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек:<br>Сен тұр – қозыңа бар! (бүгілген әр бармақты жазу)<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен қария,<br>Қазан түбін жалап,<br>Үйде жат!<br>Мына жерде құрт бар, (бірге жиналған бес саусағын білек бойымен жоғары жүргізу)<br>Мына жерде май бар ...<br>Қытық! Қытық! (саусақтар шынтақтың ішкі жағына қарай келгенде ақырын қытықтау) | «Суық – ыстық» азқимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға баулу.<br>Ойын шарты.<br>Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар бір затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей бастайды.<br>Балалар оның соңынан еріп: суық, жылы, ыстық сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі.<br>Ескерту. Жүргізуші затты жасырған кезде оған қарауға тыйым салынады.<br><br>"Суретті құрастыр" жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған | Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау.<br><br>«Допты домалат» азқимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға допты жерге отырып домалатуды үйрету.<br>Ойын шарты.<br>Педагог балаларды (диаметрі 3-4 м) шеңбер құрып отырғызады.<br>Балалар кілемнің үстіне аяқтарын екі жаққа созып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуы.<br>(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. | ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Ойындағы рөлді түсінуге жетелеу, балалардың қарым-қатынас дағдыларын және диалог сөйлеуін белсендіру.<br>Құрал-жабдықтар: «Құралдар» ойын жинағы.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балалардың арасынан ойыншық жөндейтін шеберді таңдайды, оған алжапқыш кигізеді және оған құрал-саймандары бар чемодан береді. Балаларға ойыншық жөндеу шебері келгенін айтады. Сынып қалған ойыншықтарды шеберге апарып жөндетуге болатынын түсіндіреді. Тәрбиеші ойынды бақылайды және ойын барысын басқарады. | "Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру. | дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>"Ойыншықты алып кел" дамытушы ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Аталған ойыншықты кеңістікте тауып, алып келу тапсырмасын орындауға жаттықтыру. Ересектердің сөзін тыңдауды және түсінуді үйрету. Белсенді сөздік қорды ойыншықтарды атау арқылы байыту. Кеңістікті бағдарлауға баулу. Зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар. Ойыншықтар. | отырады. Тәрбиеші ортасында отырып, допты кезек-кезек әр балаға, атын атап домалатады. Бала допты ұстап алып, тәрбиешіге қарай қайта домалатады. Тәрбиеші балаларды мақтап, доптың суретін салуды ұсынады. Балалар доптың суретін салуға ниет білдіреді.<br>(дене тәрбиесі)<br><br>«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-мігдеттері. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту. Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Күйсандық» артикуляциялық жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ауызды ашу, гормонь аспабының қимылын | "Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу | Бала қалаған суретті қарастыру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды | "Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) | Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді).<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Балаларға сөздер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету. Қайталау. Ауызды қатты ашып, тілді жоғарғы қалыпта ұстау керек.<br><br>"Таныс пішіндер доминосы". (математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндер (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек) жайлы білімдерін бекіту; көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру; "көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Балаларға геометриялық пішіндер салынған карточкаларды таратып беру. Жүргізуші бірінші карточканы үстелдің ортасына қояды, қалған балалар соған сәйкес карточкаларды қояды, бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br><br>"Құрастырғышпен ойын. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру. | тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. | Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br><br>«Күн және түн» дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Уақытты бағдарлауды үйрету. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Туған өлкенің кейбір жануарлары туралы түсініктерді тиянақтау.<br>– Түнгі аспанды не жарық қылып тұрады? (Ай.)<br>– Ал, күндіз не жарық қылып тұрады? (Күн.)<br>Адамдардың, балалардың, жан-жануардың күндіз және түнде немен айналысатынын анықтау. | мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Күнім, айым,<br>Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай! |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Ауладағы жалауларды қарастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықты арттыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Желдің далада бар болғанын жалаулардың желбірегеніне қарап білуге үйрету. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Жел еседі,<br>Жалауды желпілдетеді,<br>Бұтақтарды шайқап,<br>Жасырынып, тығылмақ ойнайды. (Д. Ахметова)<br>Желдің аулада бар болғанын жалаулардың желпілдегендеріне қарап табуға болатынын | Шыршаны бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Ағаштардың 2-3 түрін (шыршаны) тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Шыршаның көктемде де жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару.<br>Жұмбақ<br>Тікен, тікен тік пісте.<br>Қысы жазы бір түсте.<br>(Шырша) | «Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көлік құралдарының түрі, жүк көлігі (сыртқа ерекшеліктері) жайында түсініктерді тиянақтау.<br>Таныс мамандық иелеріне (жүргізушіге) құрметпен қарауға баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.<br>Гүрілдеп жүремін мен,<br>Бақтан алма әкелем.<br>Қанекей, қақпаны ашыңдар,<br>Аула жолынан қашыңдар.<br>Төгілген аулаға<br>Алманы да, картопты да,<br>Еңбек жемісін қадірлеп,<br>Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова)<br>Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады.<br>Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші басқаратынын түсіндіреді. | Көгершіндерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қазақстанды мекендейтін құстар, көгершін, жайлы түсініктерін жетілдіру.<br>Көгершіннің тіршілігіне назар аудару (уілдейді, ұшады, жүреді, жем шоқиды); сыртқы ерекшелігіне қарап, өзге құстардан ажырата білуді бекіту. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Жәди Шәкенұлы "Көгершін"<br>Көгершінім, ақ құсым,<br>Басқа қонар бақ құсым.<br>Бейбіт күнді сүйетін,<br>Бұл өмірге сақшысың.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу; "жүгір", "ұста" белгілеріне | «Қауіпсіздік». Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. Ересектермен диалог құруға баулу, өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Қызыл, сары, жасыл<br>Бір өзінде үш от.<br>Қызыл жанса, тоқта!<br>Жасыл жанса, тез өт!<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқату.<br>"Жалауша".<br>Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк жібектей мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>Балалардың ауа райының жағдайына байланысты желдің суық, жылы немесе ыстық болатыны жайында айту. Дәл қазіргі уақытта жел суық әлде жылы екендігін сезініп айтуды ұсыну.<br><br>"Қуып жет" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіру қимыл түрін жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру. | "Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>"Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(физическое воспитание)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға | Машинада кузов, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады. Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады.<br><br>"Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>Құрал-жабдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес таңбалауыштар.<br><br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар. | сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) | бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. | ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Кешкі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі).<br>Асты шашпай, төкпей іш, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>(музыка)<br>Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға | қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға | ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін | қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға | қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Аудио-бейнежазбадан музыка тыңдату. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Міндеттер.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Желімдеудің техникасын жетілдіру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар (лего, т.б.). (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. | қызығушылығын арттыру. Бөлшектерді бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Біздің отбасы серуенде». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуыны отбасының ықпалы». | «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу. | «Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз». |